

Көкбұлақ ауылындағы "Көкбұлақ" көшесін Манасов Қалыбектің атымен өзгерту туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімдігі Балықты ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 4 тамыздағы N 44 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 25 тамызда N 14-14-113 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына және ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Балықты ауылдық округіне қарасты Көкбұлақ ауылындағы "Көкбұлақ" көшесі Манасов Қалыбектің атымен өзгертілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өз құзыретіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Ауылдық округінің әкімі

И.Куралбеков